



### КОРЕРМЕНДИ ОЯТҚАН КИНО

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



### СЕНБЕЙ ТҮРСА ДА АЛДАНАДЫ

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан бұрыннан Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы алтын көпір саналады. Біздің ел көп жағдайда ұлы Еуразия даласының мәдениетіне, тарихына сай келеді. Біз осынау мұрамызды мақтан тұтамыз. Дәл осы үздіксіз тауар, мәдени жетістіктеріміз бен идея алмасу арқылы Қазақстанның өзіндік ұлттық бірегейлігі және оның ерекше көпжақты ынтымақтастыққа негізделген брендті қалыптасты. Геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Орталық Азияда да экономикалық локомотив қызметін атқарып отыр. Біз шетелден кең көлемде инвестиция тартуды жалғастырамыз және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін барынша жағдай жасаймыз.

№123  
(4556)

Сейсенбі  
17 қазан  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астанада урбанистика және қала құрылысын талқылау бойынша халықаралық конгресс ұйымдастырылды. Форумға қатысқан шетелдік сарапшыларды елорданы дамыту бойынша жүзеге асып жатқан жобалар қызықтырды. Соның бірі – қала іргесіндегі Майбалық көлінің маңайын экоқалашыққа айналдыру жобасы.

3



Фото интернеттен алынды

## ЕЛОРДА МАҢАЙЫ ЭКОТУРИЗМГЕ АЙНАЛАДЫ



### ҚЫТАЙҒА САПАРМЕН БАРАДЫ

Қазақстан Президенті 17-18 қазанда Қытай Халық Республикасында ресми сапармен болады.


Бейжіңде Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен, ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Цянмен және Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен келіссөз жүргізеді, сондай-ақ жоғары деңгейдегі «Бір белдеу, бір жол» бастамасының III форумына қатысады. Сонымен қатар сапар аясында Қытайдың ірі компания басшыларымен бірқатар кездесу өткізу жоспарланып отыр.

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстанда зорлық-зомбылық құрбандарына арналған сенім телефоны жұмыс істей бастады.

«Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған зорлық-зомбылық пен буллинг құрбандарына көмек көрсетудің пәрменді бағдарламасын әзірлеу тапсырмасын орындау аясында кешеден бері республика бойынша қоңырау шалуға арналған бірыңғай нөмір іске қосылды. Енді тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллинг құрбандары 111 нөміріне тәулік бойы хабарласа алады» деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Қалалық нөмірлер мен ұялы байланыс операторлары үшін қоңырау шалу тегін болады. Азаматтарға қажетті көмек мәтіндік диалог арқылы да көрсетіледі.



### ҚАЗАҚСТАН БАСТАМАСЫН ҚОЛДАДЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің кезекті отырысында Қазақстан ұсынған бастама қолдау тапты.

Орталық Азия елдерінің атынан алғаш болып бастама көтерген Қазақстан «Әрбір балаға бейбітшілік пен толеранттылық үшін сапалы білім беруді қамтамасыз ету» туралы қарарды күн тәртібіне қойған еді. Бастамалық құжат

оқыту және білім мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы бейбітшілік пен толеранттылық, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды құрметтеу идеяларын ілгерілетуге бағытталған.

«ASTANA AQSHAMY»  
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



№123 (4556) 17/10/2023 Сейсенбі

## ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтың кәсіби боксшысы Жәнібек Әлімханұлын WBO және IBF тұжырымдарынан әлем чемпионы атағы үшін германиялық Винченцо Гуальтьеримен өткен жекпе-жектегі жарқын жеңісімен құттықтады.

«Жәнібек қазақ бокс мектебінің жоғары деңгейі мен мықтылығын әлемге тағы да паш етті. Бұл жеңіс бокспен айналысатын жастарды биік белестерді бағынды-

руға ынталандырады. Сізге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін. Жеңістен жеңіске жете беріңіз!» деп жазды Мемлекет басшысы Twitter парақшасында.

Қазақстандық кәсіпқой боксшы Жәнібек Әлімханұлы 15 қазанда қарсыласын нокаутпен жеңіп, WBO және IBF нұсқалары бойынша әлем чемпионы атанды.

## КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлының дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

«Несіпбек Айтұлы ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді өркендетуге сүбелі үлес қосып, руханият саласының алға басуына күш-қайрат жұмсады. Қазақстан тәуел-

сіздігінің жыршысына айналған ақынның тартымды туындылары оқырмандар тарапынан жоғары бағасын алды. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына мол әдеби-мәдени

мұра қалдырған Несіпбек Айтұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Марқұмның тарапынан жоғары бағасын алды. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына мол әдеби-мәдени жеделхатта.

## КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗУ – КӨПШІЛІКТІҢ ІСІ

Астананы жайлы қалаға айналдыруда көгалдандыру және абаттандыруға басымды бағыт берілген. Осы орайда бас қалада өтіп жатқан экология айлығы аясында 5000 жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр.



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек көгалдандыру жұмысына ерекше мән беріп, кезекті сенбілікке арнайы қатысып, көшет отырғызушылардың қатарында болды.

– Қазір қаланың барлық ауданында күзгі ағаш отырғызу жұмысы қарқынды жүруде. Экоакцияға OSI (менеджмент компаниялары), бизнес өкілдері, түрлі ұйымдар, жастар, құрылыс салушылар және барлық мүдделі елорда тұрғындары да қатысуда. «ҚазМұнайГаз»

АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мирзағалиевпен бірге қаланы көгалдандыруға қатыстым, – деді ол.

Көшет отырғызу көптің ісі десек, қала әкімі көгалдандыру жұмысына құрылыс компания өкілдерін жұмылдырып, тұрғын үй кешендерінің аумағында жасыл желектер санын көбейтуді міндеттеді. Құрылыс салушылар 100 мыңға жуық жасыл желекті отырғызады. Бірінші кезеңде 100-ден астам тұрғын үй кешені қамтылады. Жалпы «Жасыл Астана»

экология айлығы аясында кезекті коммуналдық сенбілік өтті. Бұл жолы қала аумағында 1 мыңнан аса жасыл желек отырғызылды. Сонымен қатар жалпы ауданы 500000 шаршы метрді құрайтын саябақтар, гулзалар мен алаңдардан 2500 тоннадай қоқыс шығарылды.

Экология айлығының басынан бері өтіп келе жатқан сенбіліктерде барлығы 5000-нан астам жасыл желек отырғызылады. Өткен жылы 1 млн-ға жуық жасыл желек отырғызылған еді.



## ӨҢІРЛЕРДЕ АСТЫҚ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Премьер-министр орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте өңірлерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлікті жедел жеткізу және оның құны талқыланды.

Вице-премьер Серік Жұманғарин әлеуметтік азық-түлік өнімдерін өңірлерге жеткізу мерзімін қысқартуға мүмкіндік беретін кез келген шешім қабылдау туралы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-қа бір апта бұрын берген болатын. Әлеуметтік азық-түлік бағасын тұрақтандыру жөніндегі кезекті кеңесте атқарылған жұмыстың нәтижелері туралы «ҚТЖ – жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Владимир Петров мәлімдеді.

Айтылған мәліметтер бойынша 2023 жылдың 9 айында Қазақстанға ауыл шаруашылығы жүктерінің импорты 2,1 миллион тоннаны құрады.

– Тек қазан айының өзінде 341 мың тонна астық жөнелтілетіні айтылып, оның 190 мың тоннасы келісілген. Бұл ретте негізгі жоспар бойынша бастапқыда 58 мың тонна астық қаралса, 132 мың тоннасы Сауда министрлігімен және Астық өңдеушілер қауымдастығымен қосымша пысықталды. Келісілген тізімде жоқ өтініш берушілердің 151 мың тоннасына өтінімдер қабылданады. 10,1 мың тонна үн әкелуге қатысты барлық өтінім 100 пайызға орындалды. Әлеуметтік азық-түлік өнімдері бойынша осындай жағдай – 145 мың тонна көлеміндегі ӘМАТ импортына қатысты барлық өтінім орындалды. Өтінімдер бір тәулік ішінде мақұлданады, – деді В.Петров.

Сонымен қатар қазан айының басынан бері ел ішінде астық, үн және әлеуметтік азық-түлік тауарларын тасымалдау бойынша артта қалу байқалады. Астық бойынша жоспарлар 76 пайызға, үн бойынша 72 пайызға, көкөніс-

тер бойынша 94 пайызға, құнбағыс майы бойынша 23 пайызға орындалды. Жалпы осы күндері ел ішінде 619 мың тонна көлеміндегі әлеуметтік өнімдерді тасымалдау жоспары болса, 181,9 мың тоннаға тапсырыс орындалды.

– Темір жол бөлімшелерінің барлық басшыларына бірінші кезекте вагондар азық-түлік өнімдерін жеткізуді қамтамасыз етуі қажет, өтініштерді бір тәулік ішінде қарау тапсырылды. Тәулік бойы кезекшілік белгіленді, – деп атап өтті «ҚТЖ – жүк тасымалы» ЖШС бас директоры.

Жалпы Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша негізгі азық-түлік тауарларының жалпы баға индексі 4 ай бойы төмендегеннен кейін маусымаралық кезеңде апта сайынғы өсім 0,1 пайызды құрады. Бұл, негізінен, тауық жұмыртқасы бағасының маусымдық өсуіне байланысты болды (1,3 пайыз). Сондай-ақ қарқынды (0,7 пайыз) және үн (0,5 пайыз) бағасының шамалы өсімі тіркелді.

Өңірлер бойынша баға жағдайын қарастыратын болсақ, жыл басынан бері ең үлкен өсім Ұлытау облысында тіркеліп, 9,6 пайызды құраса, Астанада жалпы өсу индексі 7,6 пайызды көрсетіп, 2-орында келеді. Жиында, Серік Жұманғарин атап өткендей, аталған аймақтардың барлық өңірлері азық-түлік қауіпсіздігіне басымдық бермей отыр.

Ең жақсы көрсеткіш Алматы облысында (-0,2 пайыз) тіркелді. Бүгінде ол – жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары (ӘМАТ) бағасын тұрақтандыру қана қоймай, төмендеті алған жалғыз өңір.

Қазақстанның барлық өңірінде үн бағасының көтерілуін ескере отырып, жиында арзандатылған астықты жөнелту жұмысының барысы тыңдалды.

– 5 облыс астық шығаруды бастады. Астықтың алғашқы топтамасы Түркістан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарына жеткізілді. Қызылорда облысының операторы астықты ұнтақтап, Қостанайдан үн салынған вагондарды жөнелтті. Сонымен қатар Жетісу, Ұлытау өңірлері мен Алматы қаласындағы үн тартушы операторлары әлі күнге дейін Азық-түлік корпорациясымен жеткізілім шартына қол қойған жоқ. Ал Солтүстік Қазақстан мен Абай облыстарында үн тарту операторлары әлі анықталған жоқ, – деді Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабеков.

Оң көрсеткіштің мысалы ретінде Сауда комитетінің төрағасы Павлодар облысындағы жергілікті мемлекеттік органдар мен бизнестің өзара іс-қимылы нәтижесін атады. Кәсіпкер арзан астықтың жеткізілуін күтпей-ақ, әлеуметтік нан пісіруге арналған ұнды жедел түрде жеткізе бастады.

ӘМАТ бағалары жөніндегі кеңесте өңірлердегі өнімсіз делдалдарды жою жағдайына ерекше назар аударылды. Мәселен егжей-тегжейлі талдау үшін Серік Жұманғарин Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне келесі кеңесте монополияға қарсы органның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын және өндірішіден сауда желілеріне дейінгі азық-түлік жеткізу тізбегін талдау бөлігінде жұмыс нәтижелерін ұсынуды тапсырды.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Иран Парламенті ислам киім үлгісін кимеген әйелдерді 10 жылға бас бостандығынан айыру туралы заң жобасын қабылдады.**

Енді Қамқоршылық кеңесі мақұлдауы керек, содан кейін заң толыққанды күшіне енеді. Жаңа заңның мақсаты – ирандықтардың ислам киім үлгісін сақтауына бақылауды күшейту. Енді биліктің көзқарасы бойынша сыртқы келбеті талапқа сай келмеген әйелдер айыппұл төлеуі керек, ал оларды полиция қамауға да құқылы.



**Араб лигасы Мысыр астанасы – Каирде өткен шұғыл кездесуде Израиль мен Хамасты сабырға шақырды.**

Бұған қоса, Израильді Газадағы соғысты тоқтатуға үндеді. Араб лигасының төрағасы Ахмед Абдул Лейт жағдай бақылаудан шығып кетуі мүмкін екенін ескертті. Ал Израильдің оңшыл бағыттағы үкіметі мен центристтік оппозиция мүшелері «соғыс уақытындағы кабинет» құрды. Олар Хамасты жер бетінен жойып жіберетінін мәлімдеді.



**Жерге жақын орналасқан астероид «Беннудың» 60 грамм топырағы жерге жеткізілді.**

NASA ғалымдары оны «Осайрис Рекс» ғарыш аппаратының көмегімен алдырды. Бұл астероид Жердің бір бөлшегі болуы мүмкін деген тұжырым бар. Мамандар топыраққа терең сараптама жасау арқылы Жердегі тіршіліктің қалай басталғанын және Күн жүйесінің қалыптасуы мен даму жолын анықтауға мүмкіндік береді деп отыр.

## ЕЛОРДА МАҢАЙЫ ЭКОТУРИЗМГЕ АЙНАЛАДЫ

Астана әлемнің түкпір-түкпірінен келген сарапшылардың урбанистика және қала құрылысын талқылау алаңына айналды. Елордада «Тұрақтылық пен жайлылық» тақырыбын арқау еткен «Archica Astana 2023» халықаралық конгресі өтті.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Отандық сарапшылармен қатар, түрлі ведомстволардың басшылары, Малайзия, Англия, Испания, Нидерланды, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан және Ресейден арнайы шақырылған қонақтар қатысқан жиында қазіргі заманғы қалалардың алдында тұрған міндеттер, тез өзгеретін трендтер және тұрғындардың қажеттіліктері талқыланды. Талқылаулар қала құрылысы жұмысын құру жолдарына, жақын болашақта ауылдық аймақтар мен моноқалаларды дамытуға, жайлылықты қамтамасыз етуге, экономикалық даму және табиғи мұраны сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталды. Жаңа қалалық орталықтар, стратегиялық инвестициялар және қала құрылысы арқылы жаңа экономикалық аймақтарды құру мәселелері айтылды. Бұл ретте қатысушыларды «Астана – жайлы қала» бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар қызықтырды.

Сонымен қатар қатысушылар қалаларды жасыл желекке орау, Wellbeing архитектурасы, даланың мәдени ландшафты туралы ой бөлісті. Белгілі сәулетші Тотан Күзембаев «Даланың мәдени мұрасы» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді. Жиын барысында



әлемнің жетекші фотографтарының «Сәулет өнеріндегі жарық пен көлеңке» және «Табиғат пен ғимараттар» тақырыптарында фотокөрме, студенттер арасында «Student Charette» байқауы ұйымдастырылды.

Іс-шарада «Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу-жобалау институты директорының орынбасары Серік Әбдірахманов Астана агломерациясын дамыту бағытындағы жұмыс жоспарымен таныстырды. Бүгінгі таңда Астана агломерациясына 47 елді мекен кіреді. Бұл туралы әңгімелеген спикер елорда маңындағы Майбалық көлінің айналасындағы табиғи аумақты

кешенді дамыту жоспарына тоқталды.

18 қазан күні Майбалық көлінің солтүстігіндегі «Maybalyk Estate эко-туристік қалашығы» егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өтеді. Бұл жобаның жүзеге асуы қаланың экологиялық келбетін өзгертіп, туристердің тартымдылығын арттыратыны айтылды. Сондай-ақ Талдықөл аймағын кешенді демалыс орнына айналдыру жобасы да сарапшылардың оң бағасына ие болды.

Конгресс жұмысы «Architecture & Design leaders 2023» сәулет және дизайн саласындағы жеңімпаздарды марапаттау салтанатымен аяқталды.

## ПІКІРСАЙЫС ТАҚЫРЫБЫ – ЕЛ БІРЛІГІ

Бас қалада Республика күні қарсаңында Қазақстан халқы ассамблеясының кубогы үшін «Ел бірлігі» атты екі күндік республикалық пікірсайыс турнирі өтті.



«Достық» үйінде өткен пікірсайыс турнирі жастардың зияткерлік даму алаңын құру, оларды Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыруға және насихаттауға белсенді қатысуға жұмылдыру, сондай-ақ қоғамдық келісім

мен жалпыұлттық бірлікті нығайту мақсатында ұйымдастырылды. Қазақстан халқы ассамблеясы, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі және «Ұлттық пікірсайыс федерациясы» республикалық қоғамдық

бірлестігі алғаш рет ұйымдастырған бұл іс-шара толықтай қазақ тілінде өтуімен қатар, әр команданың көпесті болуымен ерекшеленді.

Турнир аясында пікірсайысшылар Сенат төрағасы Мәулен Өшімбаевпен және Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары – хатшылық меңгерушісі Марат Әзілхановпен кездесті.

Пікірсайысқа Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Түркістан, Абай және Жетісу облыстарының командалары қатысты. Қазақстанның заманауи бәсекеге қабілетті интелектуалды дамыған жастары кейпіндегі қатысушылар еліміздің түрлі өңірін таныстырды.

Іс-шараның қорытындысында кубок жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Пікірсайыс нәтижесі бойынша I орын иегерлері – Дәулет Нұркен мен Элина Амураева, II орын иегерлері – Жақсылық Бекхан мен Бохромжан Турсунходжаев, ал III орын иегерлері болып Сламбек Елемес пен Диана Хабибулина танылды. «Үздік медиа» номинациясы бойынша Әсет Ахмедов, «Үздік спикер» номинациясы бойынша Исахан Нұрбақыт марапатталды.

## ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗЕДІ

Әділет министрінің орынбасары Даниэль Ваисов 19 қазан күні елорда тұрғындарымен кездесіп, азаматтардың жеке қабылдауын өткізеді деп хабарлады Elorda.info.

Кездесу сағат 11:00-де Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 57а (1-қабат) мекенжайында орналасқан Qazpatent ғимаратында өтеді.

Астаналықтар өз сұрақтары мен ұсыныстарын d.ordabaeva@adilet.gov.kz электрондық поштасына жібере алады.

Сонымен қатар осы күні сағат 12:00-де Qazpatent ғимаратының бірінші қабатындағы конференц-залда Даниэль Ваисов азаматтарды жеке

мәселелері бойынша қабылдайды.

Жеке қабылдауға жазылу 18 қазан күні сағат 12:00-ге дейін Астана қаласы Әділет департаментінің 32-11-54, 8-702-470-45-08 телефондары бойынша жүзеге асады.

**Ғалымдар мұхит пен теңізді пластиктен тазартатын құрылғы ойлап тапты.**

Бұл құрал тамыз айында Атлант мұхитының табанына орнатылып, 100 мың тонна қалдық шығарды. Тәжірибе сынағын сәтті өткізген зерттеушілер енді технологияны жетілдіріп, қоқыс тазалау көлемі мен өнімін арттырады. Бастамаға халықаралық «Оушэн Клинап» экология ұйымы мұрындық болды.



**Ұлыбритания Білім министрі Джиллиан Киган Англия мектептерінде ұялы телефон ұстауға тыйым салынатынын айтты.**

Егер мектеп бұл талапты орындамаса, үкімет міндеттелетін заңнама актісін қабылдау жағын қарастырады. Британ білім ведомствосы бұған дейін Франция, Италия және Португалия мектептерінде ұялы телефон пайдалануға тыйым салынғанын, ал БҰҰ мектепте смартфон пайдаланудың қауіпі туралы ескергенін атап өтті.

Астана қаласындағы Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы барысында аграрлық индустриялық аймақты ұйымдастыру, жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Кезекті отырыс аясында қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халил Әкімжанов баяндама жасап, елордада инвестицияларды тарту бойынша арнайы экономикалық аймақтардың атқарып жатқан жұмысы, сондай-ақ заманауи инфрақұрылымды құру үшін озық технологияларды қолдану туралы мәлімдеді.

Одан әрі Астана қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Арман Айтмағамбетов кәсіпкерлерге комиссияның жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысы туралы баяндады.

Сондай-ақ Қоғамдық кеңестің кезекті отырысына қатысушылар биылғы оқу жылында орта білім беруге мемлекеттік білім беру

тапсырысын іске асыру мәселелерін қарады. Отырысты қорытындылай келе, Қоғамдық кеңестің төрағасы Зулфухар Гаипов кеңес мүшелерін игілікті істердің бастамашысы болуға шақырды.

– Біз барлық мәселелерді қала тұрғындарының мүдделері мен проблемаларының негізінде қарастырамыз. Мәселен, бұл жолғы отырыста қаралған барлық тақырыптар, атап айтсақ, аграрлық-индустриялық белдеу құру, азық-түлік және қоғамдық қауіпсіздік, білім беру – осының қай-қайсы да қоғамдағы ең өзекті проблемалар қатарынан. Біз елордалықтардың көкейіндегі өзекті мәселелерді тыңдап, осындай отырыстарда талқылап, нақты шешім қабылдаймыз. Кейде әріптестерімізбен келіспей жататын кездеріміз де болады. Дегенмен біздің барлық ұсынысымыз бен шешіміміз астаналықтардың, жалпы қала тұрғындарының игілігі үшін жайлы орта құруға бағытталған, – деді Зулфухар Гаипов.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Елордада XI Азаматтық форум аясында өткен «Жергілікті бастамалар» әлеуметтік жобалар видео-конкурсының грант иегерлері мен жеңімпаздары жарияланды.

Бас қаланың үкіметтік емес ұйымдары, қоғам қайраткерлері, волонтерлік қоғамдастық мүшелері және қала әкімдігінің өкілдері қатысқан жиында қоғамдық негізде жұмыс жүргізетін үздік ұйымдар аталды.

Байқауға қатысқан ақпараттық және халықтың әртүрлі топтарының әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталған видеороликтерге баға берілді. Үздік деп танылаған жұмыстардың қатарында «Семей ЯП», «Нұр әлем Қазақстан», «Оңалту технологиялары мен тұжырымдама-

ларының қоғамдық қоры», «Best for kids», «Мама про», «Тең мүмкіндіктер әлемі», «Қазақстан корейлерінің жастар қозғалысы», «Қара шаңырақ», «Strong mother NS» қоғамдық қорлары мен склерозы бар мүгедек науқастардың қоғамдық бірлестіктері болды.

Қазылар алқасының шешімімен 20 үздік жұмыс іріктелді. Соның ішіндегі 10 жұмыс 500 мың теңгенің сертификатына ие болды. Қалған жұмыстардың авторларына естелік сыйлық табысталды.



## ПАРА ОЙЫНДАРҒА АТТАНДЫ

Елорда спортшылары 22-28 қазан аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында өтетін Азияның Пара ойындарына аттанып кетті.

Төрт жылда бір рет ұйымдастырылатын жарысқа 14 спорт түрінен 485 медаль сарапқа салынады. Қазақстан құрамасы сапында сынға түсетін 131 спортшының қатарында астаналық 10 атлет бар. Атап айтқанда, пара дзюдодан – Ақмарал Науатбек (-48 кг), Ергәлі Шамей (-73 кг) және Бауыржан Арстанбеков

(-90 кг). Пара үстел теннисінен – Балзия Таш, Алтынай Ержанқызы, Сауле Айдарханова және Александра Степанова. Пара оқ атудан – Александр Пасхалиди және пара жүзуден – Сиязбек Далиев ел намысын қорғайды.

Қазақстан құрамасы 2010 жылдан бері Азияның Пара ойындарына төртінші рет қатысады.



## РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШЫ

# МАҚСАТЫ – ОЛИМПИАДА ШЫҢЫ

Жәмила Бақбергена – елдегі ең танымал балуан қыз. Намыс пен рухты, жігер мен қайратты бойына сіңірген ол өзі қатысқан жарыстардан жүлдесіз қайтқан емес. Бұл – бала күнінен қалыптасқан дағды. Оны көптен ерекшелейтін қасиет-қабілеті де осы.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

**Б**иыл Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт сарайына Азияның мықты спортшылары жиналып, құрлықтың үздіктерін анықтағанды. Осы турнирде Жәмилаяның күресін көрдік. Кілемде өзін сенімді ұстап, әдіс-тәсілді орындау шеберлігіне тәнті болдық. Ақтық айқаста Жәмилаяның қарсыласы жапон Сумире Никура болды.

Күншығыс елі күрестің дәл осы түрінен үстемдік құрып тұр. Әлем чемпионатын 13 рет ұтқан Саори Есида да, Олимпиада ойындарын 4 рет жеңген Каори Ичо да жапон өкілі. Қысқасы, Жапония байрақты бәсекелерге тек үздік спортшыларын қосады. Сумире Никура да осал балуан емес. Бір жыл бұрын Моңғолияның астанасы – Ұлан-Батырда өткен Азия чемпионатының финалында Жәмиламен кездесіп, біздің балуан екінші рет құрлықтың үздігі атанған еді. Сондықтан Сумире реванш алу үшін Астанаға келді. Жергілікті жанкүйердің қолдауын сезінген Жәмила қарсыласын 5:1 есебімен ұтып, кезекті рет Азия чемпионы атанды. Сөйтіп, күрестен үш дүркін Азия чемпионы атанған тұңғыш қазақ балуан болып, Қазақстан тарихының жаңа бетін ашты.

Жәмила – Азия чемпионатында 5 рет жүлде алған спортшы. 2020 жылы Нью-Делиде, 2022 жылы Ұлан-Батырда, 2023 жылы Астанада алтын медаль иеленсе, 2019 жылы Сианьда қола мен 2021 жылы Алматыда күміс медальға қолы жетті. Одан бөлек, 2019 жылы Ослуда, 2022 жылы Белградта өткен әлем чемпионатында, 2023 жылы Ханчжоуда байрағы көтерілген Азия ойынында екінші орын алды. Спорттағы жетістігі ескеріліп, 2022 жылы өз салмағында UWW рейтингінде көш бастады, Қазақстанның үздік спортшысы атанды.

– Өзім қатысқан жарыстардан жүлдесіз оралған емеспін. Бұл – үздіксіз еңбек пен ізденістің нәтижесі. Әлем чемпионатының финалында екі рет жолым болмағаны аздап қынжылтады. Әлем чемпионатының алтын медалі үшін күресуді тоқтатпаймын.



Басты мақсатым – Париж Олимпиадасының шыңын бағындыру, – дейді чемпион рухты балуан.

Біз балуаннан алғашқы және ең үлкен жеңісі туралы сұрадық. Өйткені спортшының алғашқы жарыстағы жетістігі келешектегі жолына әсер етпей ме?!

– Алғашқы жарысым Алматыдағы таэквондодан қалалық турнир болды. Ұзынағашта тұратынбыз. 4-сынып оқимын. Жарысқа барып-қайтатын қаржыны анам берді. Жарысқа сыңарым Мәдина да барған-ды. Қарсыластарымың осал тұсын тауып, финалға шықтым. Алайда финалдың 1-раундында жеңіліп жаттым. Мәдина раунд аралық үзілісте қасыма жүгіріп келіп, «мамам ақшаны ұғылсын деп берді ме?» деп айқайға басты. Осыдан кейін жиналып, күш-жігерімді салып, ұтып, қатты қуандым. Бірінші жарысымда осындай ерекше әсер алдым. Негізі, әр чемпионның артында қолдаушы мықты ана тұрады ғой. Ең үлкен жеңісіме келетін болсақ, әрбір жарыстағы жетістік үлкен еңбектің нәтижесімен келеді. Азия чемпионатында 1-орын алған кезде қуандым. Бірақ менің ең биік жетістігім деп айта алмаймын. Менің шыңым – Олимпиада ойындарының шыңы. Осы мақсатта тер төгіп келемін, – деді мақсатшыл спортшы.

Әр балуан күрескенде әдіс-тәсіл жасауға ыңғайсыз қарсыласы болады. Спортшы

қарсыласынан кейде психологиялық, кейде тактикалық тұрғыда ұтылып жатады. Кейде жарысқа бабында бара алмай, жолынан жаңылады. Жәмила Бақбергена әр жылы өткен әлемдік додаларда қырғыз Айпері Медетқызына, моңғол Даваанасан Энх-Амаринға, жапон Масако Фуруичиге, америкалық Амита Элорға ұпай санымен есе жібергенін білеміз. Одан басты қарсыласы кім екенін білдік.

– Менің басты қарсыламым – өзім. Кез келген қарсыластың осал тұсы бар. Егер бапкердің берген ақыл-кеңесін дұрыс орындап, тактикалық тұрғыда сауатты күрессе, бәрін де ұтуға болады, – дейді ол.

Қазір Жәмила 27-жаста. Тәжірибесі толысқан, техникалық шеберлігі шыңдалған ол кез келген жарысқа өз салмағында негізгі фаворит ретінде қатысады. Сондықтан Париж Олимпиадасында жүлде алатын мүмкіндігі мол.

– Белградтағы әлем чемпионаты мен Ханчжоуда Азия ойынының арасы екі апта болды. Бір жағы толық демалып үлгермедім-ау, екінші жағы Азияда бәсекесінде жаңа салмақта күрестім. Әрине, мұның бәрі жеңілісті ақталуға себеп емес. Дайындығымды күшейтіп, алдағы жарыстарда жеңісті жолды жалғастыруға күш саламын, – дейді кейіпкеріміз.

**P.S:** Міне, елдің мақтанышы Жәмиладай-ақ болуы керек. Мақсаты айқын, талабы биік балуанның бағындырар биігі көп болып, ел абыройын биіктеме берсін!

Ел жүрегі елорда болса, астаналық дарынды оқушылар – ел болашағын айқындайтын, қазақ көшін алға сүйрейтін жастар. Дарынды балалар мен талантты оқушылар әлемдік, республикалық білім додаларында топ жарып, астананың абыройын асқақтатып келеді. Солардың бірі Ғалымжан Бақтыбай – дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы.



## ТАЛАБЫ ТАУДАЙ

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

2023 жылы биология пәнінен Біріккен Араб Әмірліктерінде өткен халықаралық олимпиадаға қатысып, қола медаль иеленген Ғалымжан – астаналықтардың абыройын асқақтатқан оқушы.

Ол – жасынан ерекше дарынмен, тез қағып алатын айрықша қабілетімен көзге түскен талантты оқушы. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың (биология пәні) 2022, 2023 жылғы алтын медаль иегері.

– Биологияға деген қызығушылығым пандемия кезінде онлайн оқығанда оянды. Ботаника тақырыбы, өсімдіктер туралы кітап менің биологияны таңдауыма әсер етті. Білгенімді, жиған-тергенімді өзімізден кейін білім алып жатқан іні-қарындастарыма үйретуден жалықпаймын, олар осы пәнді таңдаған болса, қандай кітаптар оқу, қалай іздену керегін жеткізуге тырысамын, – дейді Ғалымжан бізбен әңгімесінде.

Ғалымжанның таудай талабын, асқақ арманын, ерекше еңбекқорлығын ұстаздары да байқаған.

– Ғалымжан – ерекше талантты, табанды, еңбекқор оқушы, болмысы ерекше бала. Алдына мақсат қойып, оны орындай алған оқушы. 7-сыныптан бастап биология пәнін таңдаған ол осы саланы бүге-шүгесіне дейін зерттеп, күні бойы кітапханада

отырып ізденетін. Айрықша дарын иесі, – дейді лицей директорының орынбасары Гүлнәр Рахимова.

Дарынды балаларды тәрбиелеп, үкілеп, білім бәйгесіне қосқан Астанадағы дарынды ер балаларды оқытатын «Білім-инновация» лицейі – ел мақтаныштарына білім нәрін сепкен ерекше оқу ордасы, шәкірттері әрқашан халықаралық зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанып жүр. Лицейде жоғары білікті мұғалімдер оқушыларға ағылшын тілін және нақты ғылымдарды терең зерттеуді үйретеді. Лицей түлектері қазір әлемнің ең үздік университеттерінде білім алып, елімізде, шетелде ірі компанияларда жемісті еңбек етіп жүр.

– Ғалымжанның оқуға, білуге деген қызығушылығы жоғары, талабы биік. Ата-әжесінің тәрбиесін алған ол ауылдағы мектепке 6 жасынан барды. Астанаға келген соң мектептердегі барлық пәндерден жарыстарға қатысып жүрді. Ол білім додаларымен қатар, спорт жарыстарына да үнемі қатысады. Су добымен, еркін күреспен айналысып, көрші республикаларда өткен сайыстарға барды, – дейді әкесі Еркін Тасболатов.

Табандылықты, жігерлі болуды, шынығуды әкесінен үйренсе, биологияны зерттеу, адамзатқа көмектесу мақсаты анасы Айшат Базарбекқызынан дарыды. Анасы – білікті кардиолог дәрігер. Онымен кездескенде, ол баласы туралы толғана әңгімелейді.

– Әрине, баласын барлық ана мақтайды ғой, бірақ Ғалымжанның идеясы, барлық адамзатқа көмектесем, осы саладан жаңалық ашсам деген ойлары мені ерекше қызықтыратын. Ол жасынан өз ісіне тиянақты, аз сөйлейді, көп іс тындырады, сондай ұқыпты бала болып өсті. Биология, ботаника тақырыбындағы кітаптарды, мақалаларды көп оқыды, көп ізденді, өз бетінше ойлай алатын зерек бала болып қалыптасты, екі қарындасына қамқор аға, жанашыр бауыр, ата-анасына мейірімді болғаны қуантады, – дейді анасы Айшат.

Ғалымжан болашақта биология ғылымы бойынша әлі зерттелмеген, ашылмаған тақырыптарды зерттеп, топпен зертханалық жұмыстар жасауды армандайды. Адамдардың, жалпы тіршіліктің өмір сүруіне қажетті жасушаларды зерттеу, олар туралы көбірек білу ұнайды. Осыны көбірек оқып, ғылыми зерттеулер жасап, жаңалықтар ашқысы келеді. Қазірдің өзінде әлемнің 7 үздік университеттерінің тізіміне кіретін «Nanyang Technological University»-ге оқуға түсіп тұр, бұйырса, одан өзге АҚШ-тағы, Канададағы әлем университеттерінде де тапсырып, бағын сынау үшін емтихандарға дайындық үстінде. Білімді отбасынан шыққан Ғалымжан әлі де талай білім додаларында жеңістерге жетіп, биіктерді бағындырары сөзсіз.

## РӘМІЗДЕР – ЕЛДІК БЕЛГІСІ

Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін мемлекеттік рәміздеріміз – халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

**Б**іздің мемлекеттік рәміздерімізге шетелдік мамандар жоғары баға берген, сонымен қатар олар әлемдік каталогқа енгені белгілі. Біле білсек, ел тәуелсіздігі мен мемлекеттік рәміздер – егіз ұғым. Бүгінгі таңда елордамыз – Астанада елдігімізді танытатын, отан-

шылдық пен патриоттық рухты оятатын, әр жүрекке мақтаныш сезімін тудыратын нысандар өз дәрежесінде көрініс тауып отыр. Мәселен, мемлекеттік туымыз желбіреп тұратын тұғырлы алаңның жанынан өткен сайын өз еліңе деген мақтаныш сезім бойынды тербейді. Халықаралық форумдарда немесе Олимпиада ойындары мен

әлем чемпионаттарында көк байрағымыздың биіктен желбіреуі, әнұранымыздың әлем көгінде шырқалуы әрбір азамат үшін зор мақтаныш, үлкен эмоция тудырады. Мен елдігімізді білдіретін мемлекеттік рәміздерімді әрқашан мақтан тұтамын!

Асанәлі НҰРЖАНОВ,  
5-сынып оқушысы



# ДОСТЫҚТЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

## ДЕРЕКТЕР НЕ ДЕЙДІ?

Осылайша, ұлан-байтақ еліміз кешегі бір алапат жылдары халықтар түрмесіне айналды. Тек қана бір Карлагтың болмысына 2 миллионға жуық адамның өмірі байланысты. Қиыр Шығыстан 100 мыңнан астам корей халқы, Еділ өңірінен 361 мың неміс халқы, Солтүстік Кавказдан 507 мың карачай-балкар, шешен, ингуш, тағы басқа халықтар атамекенінен айырылып, қазақ елін паналады.

Биыл шешендер мен ингуштардың Қазақстанға жер аударылғанына 79 жыл болған екен. Еліміз бойынша барлық өңірлер мен республикалық маңызы бар қалаларда шешен этномәдени бірлестігі жұмыс істейді. Жыл сайын ақпан айында бірлестіктің ақсақалдары мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері өз естеліктерімен бөлісіп, қонақжай қазақ халқына жылы лебізін білдіріп жүр. Іс-шараның барлық қатысушысына еске алу асы ұйымдастырылып, дұға оқылады.

Шешендер мен ингуштардың Қазақстан мен Қырғызстанға жер аударылуы («Жасымық» операциясы) 1944 жылдың 23 ақпаны мен 9 наурызы аралығында өтті. Оның барысында әртүрлі есептеу бойынша 500-ден 650 мыңға дейін шешендер мен ингуштар туған жерінен көшірілді. Ақпан-наурыз және одан кейінгі алғашқы жылдары шамамен 100 мың шешен мен 23 мың ингуш көз жұмды, яғни екі халықтың төрттен бірі деген сөз.

## ШЫҒЫСҚА БЕТ АЛҒАН ЭШЕЛОН

Астана қаласындағы «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының тең төрағасы, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі Юсуп Хасанұлы Келигов шешен-ингуш халықтарының елімізге қалай қоныс аударғаны жайлы былай дейді:

«1944 жылдың 23 ақпанында, таңғы сағат 5-те, «Қызыл Армия» күнінде, ингуш пен шешендердің үйлеріне қолында мылтық, автоматы бар сарбаздар мен офицерлер баса көктеп кіреді. Олар қатты зекіп, ал кейде күш қолданып, балалар мен әйелдерді, қарт адамдарды оятып, далаға шығара бастады. Адамдарды мешіттер мен мектептерге, бақшаларға жинастырып, қасында автомат пен пулеметі бар мұздай қаруланған қарауылдарды қойды. Осындай аяусыз күзет аз ғана қарсылық білдіргендерді атуға даяр тұрды. Офицерлер қазірден бастап таулықтарды халыққа опасыздық жасағандар мен халық жаулары деп танылатынын және кеңес өкіметінің қаулысы бойынша ортаазиялық республикаларға (Қазақстан, Қырғызстан) мәңгі қоныстандыруға жіберетінін мәлімдеді. Жолаушыларды тасымалдауға арналмаған ва-



Маңдайымызға жазылған, талайымызға берілген тарих осылай қалыптасты: Қазақстан 100-ден астам ұлт пен ұлыс өкілінің үйі болып отыр. Олардың ішінде кейбір халықтар өз еркімен көшіп келді, ал басқаларды қоныс аударып жіберді, кулактарды тәркілеу үдерісі де болды, ал мыңдаған адамдар жаңа тың жерлерін игеруге келді. Осылайша, XX ғасырдағы Қазақстан тарихының үлкен бөлігі – елде тұрып жатқан этностардың этникалық, мәдени өзара әрекеттестігінің тарихы. Сүйектен өтетін суық пен боранды далада қазақтар қысылып, көптеген ұлт өкілін тамақтандырып, жылытып, олардың жартысын өлімнен құтқарды.

гондарға адамдарды малша айдап кіргізді».

Мәліметтер бойынша 180 эшелон жіберілген, ингуш пен шешен ұлттарының 493269 өкілі осындай эшелондарда қоныс аударған. Жетуге жолы қиын аудандар (Хайбах, Таргим, Цори, Гүлім, Монкара) тұрғындарын не өртеп, не атып тастаған екен. Адамдар тиелген вагондарда сәкі, пештер аз болды, тесіктерден жел соғып тұрды. Сәкілері бар жерге қарттар мен ауру адамдарды орналастырды. Әйелдер мен балалар еденде отырды. Жастар тұрып, бір-біріне сүйеніп жүрді. Аялдамаларды, тек қана вагондарды

мәйітттерден тазалау үшін пайдаланды. Ауыл шетінде, жолдардың қасында пойыздан түсіп қалған өліктер жататын.

## БАУЫРМАЛ ҚАЗАҚ БАРЫН БЕРДІ

Тарихты таразыласақ, жер аударылған алғашқы жылдарда жаңа климат жағдайларына бейімделмеген, өмір сүруге қаржы болмаған вайнах халқының өкілдері ауру мен аштықтан өлім халінде еді. Осылай вайнах халқының этнос ретінде жойылып кету қаупі төнді.

– Вайнах халқы үшін жергілікті халықтың соңғы тілім нанмен бөлісу даярлығы, ниеттестігі естен кетпейді. Қазақ, орыс, украин мен басқа халықтардың өкілдері вайнах халқын қорғау үшін қаншама игі іс жасады. Тарихи отанынан айырылу ұлт намысына тиген жағдай еді, халқымыздың отансүйгіштік қасиеті де қорланып, тапталды. Өділетсіздік және «халық жауы» жарлығы адамдардың психологиясына әсер етті. Біз жердегі тозақты көзімізбен көрдік, – дейді Юсуп Келигов.

– Мен бірінші шешен соғысы қарсаңында, депортация күні Грозныйда болдым. Репортаждар жасадым, жергілікті тұрғындармен сөйлестім. Елге оралғандардың бәрі көз жасын сығып, қазақтарға ризашылығын айтты. Қазақтар шешендерді қыс кезінде аштан өлтірмей, жарты нанымен бөлісті. Әлсіреген шешен балаларына баспана берді, – деп жазды қазақстандық журналист Сергей Пономарев.

Қазақстанға күнкөріс көзінсіз, жылы киімсіз жер аударылған халықтар тек қазақ халқының бауырластық көмегінің арқасында ғана тіршілігін жалғастырды, тыныш өмір сүрді. Өз ана тілі

мен мәдениетін сақтап қалды, осында өздері және ұрпағы үшін екінші отанын тапты, қазіргі қазақстандық қоғамда лайықты орнын айқындады.

Жер аудару кезеңін басынан өткерген әр отбасының сол жылдардағы қиыншылықтар мен депрессияларды еңсерудің өзіндік тарихы, жергілікті халықтың өзара көмек және қолдау тарихы бар.

## ТАТУ КӨРШІНІҢ ТҮЗУ ТІРЛІГІ

Сондай шешен отбасының бірі – Роза Исмаиловамен көрші тұрдық. Роза – гүлдей жайқалған 5 қыз баланың анасы, басынан орамалын тастамайды, ұзын көйлек киеді, сәлемі түзу, бауырмал көршіміз кейінірек Шешенстанның Грозный қаласына көшіп кетті, бірақ қыздары біздің балалармен әлеуметтік желі арқылы үнемі хабарласып тұрады, байланысты үзген жоқ.

«Қазақстан десе елеңдеп тұрамыз, туып-өскен жерімізді, ондағы таныстарымызды, қымбатты көршілерімізді – барлығын сағынамыз, ұмытпаймыз!» деп отырады.

Солар арқылы бүтін бір халықтың салт-дәстүрін танып, қазақ халқына деген зор ықыласың, алғысын таныдық. Олардың отбасы құндылығын бәрінен жоғары қоятыны, имандылығы, дәстүрін берік ұстанып, баба салтын құрметтейтіні, бұлжытпай орындайтыны – бізге үлгі.

«Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артында өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» дейді Міржақып Дулатұлы. Ендеше көрші тұрып, қиын күндерде бір нанды бөлісіп жеген отандастарымыздың тарихын білу де парыз.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» халықтың көркем жадында» деген тақырыпта дөңгелек үстел отырысы өтті.

## «ЕЛІМ-АЙ» – НАМЫС ЖЫРЫ

З аңгер, руханият жана-шыры Бекет Тұрғараев басқаратын «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорының бастамасымен батыр жерленген қорымда кесене тұрғызылды. Құран бағышталып, ас берілді. Жамбыл ауданының орталығы Пресновка ауылындағы қазақ мектебінің алдындағы алаң Қожаберген атымен аталып, ескерткіш бюсті орнатылды, мектепте мұражайы ашылды.

2023-2025 жылдарға арналған мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесіне енгізілгенді. Соған сәйкес, Қожаберген жырау Толыбайұлының «Елім-ай» дастан жырының 300 жылдығы ел көлемінде кеңінен аталып өтуде.

Мерекелік шаралар биыл маусым айында қасиетті Түркістанның төрінде бастау алып, белгілі академиктердің, ғалымдар мен қожаберген-танушы-жазушылардың, зиялы қауым өкілдерінің, жас ғалымдардың қатысуымен республикалық



Бүгінде облыс орталығы Петропавл қаласындағы №6 қазақ орта мектебі де жыраудың есімімен аталады. Сондай-ақ қордың қолдауымен: «Қожаберген жырау», «Елім-ай», «Баба тілі», «Өнерпаздар әулеті» деген кітаптар басылып шықты. Олар жұртшылыққа таратылып, оқырмандардың жылы лебізіне ие болды.

Аталған қордың қозғау салуымен Қазақстан Үкіметі 2012 жылдың желтоқсанында арнайы қаулы қабылдап, 2013 жылы Қожаберген Толыбайұлының туғанына 350 жыл толу мерейтойы елімізде кең көлемде атап өтілді. Алматы мен Астана қалаларында көпшілікке танымал тарихшы, әдебиетші ғалымдардың, белгілі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің қатысуымен ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылды.

Қожаберген жыраудан қалған әдеби мұралардың ішіндегі ең шоқтықтысы – «Елім-ай» дастаны. Биыл ұлттық рух пен идеяның қайнар көзі, бүгінгі ұрпақты ел бірлігін нығайтуға, алауыздықтан арылуға үндейтін осы намыс жырының жазылғанына 300 жыл толды. Қуанарлығы сол, бұл дата елеусіз қалған жоқ. Үкімет қаулысының негізінде Мәдениет және спорт министрлігі оны

Төлеген  
АСАНБЕКОВ



Оңалхан ӨНЕРХАН

## ӨҢІРЛЕРДЕН ЖЕТКЕН ӨНІМДЕР

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Бас қала өңірлік ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу жақсы дәстүрге айналды. Мұндай игі іс-шараның басты мақсаты астаналықтарға азық-түлікті қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік беру болатын. Таңсәриден біз де Қазақ ұлттық өнер университетінің алдындағы алаңды бетке алдық. Сөрелерде тауардың сан түрі самсап тұр. Күнделікті тұтынатын азық-түліктің бәрі осында.

Сауда белсенді жүріп жатты. Астаналықтар осы екі облыстың тауарлары әрқашан сапасы мен қолжетімді бағасымен ерекшеленетінін, ол нарықтағы бағадан 15-20 пайызға төмен екенін атап өтті. Тауар өндірушілер болса, мұнда өз тауарын делдалсыз сатуға мүмкіндік алды. Қала тұрғындары таңертеңнен жәрмеңкеге келіп, арзан бағамен азық-түлік алып жатыр.

Елордадағы ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне Шығыс Қазақстан облысының жергілікті фермерлері мен тауар өндірушілері де өз өнімдерін әкелді. Бұл өңірдің өнімдері арасында астаналықтар табиғи балды жақсы көреді. Мақпал Сейітқалиқызы жыл сайын бағадан 15-20 пайызға төмен екенін атап өтті. Тауар өндірушілер болса, мұнда өз тауарын делдалсыз сатуға мүмкіндік алды. Қала тұрғындары таңертеңнен жәрмеңкеге келіп, арзан бағамен азық-түлік алып жатыр.

Астанада өңірлердің кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Бұл жолы елордалықтарға Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының шаруалары өз тауарларын ұсынды.



жұмыртқа және нан-тоқаш өнімдерін нарықтағы бағадан төмен бағада сатып алу үшін келгенін жасырмады.

– Жыл сайын күз мезгілінде Астанада өтетін өңірлік жәрмеңкені асыға күтемін.

Бұл жерде өзіміздің күнделікті тұтынатын тауарларымыз базардағы бағадан әлдеқайда арзан. Сондықтан, керектің бәрін осы жерден сатып аламын. Өткен аптада Павлодар мен Абай облысының өнімдерін

алдық, осы жолы Өскеменнің балын сатып алу үшін келдім. Сондай-ақ жәрмеңкеде жұмыртқа, сүт өнімдері мен жаңғақ көп болды. Олардың сапасы жақсы, экологиялық таза өнім, бағасы да арзан. Осылардың



өрқайсынан аздап көтере алғанымша сатып алдым. Бұлар бір аптаға жетеді. Келесі апта тағы келемін. Жалпы, осындай жәрмеңкелер жыл бойы жалғасын тапса жақсы болар еді, – деді Мақпал Сейітқалиқызы.

Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының шаруалары елорда тұрғындары үшін түрлі өнімдерін жеткізді. Оның ішінде: 49,2 тонна бал, 2 тонна шұжық өнімдері, 8 тонна сүт өнімдері, 16 тонна есімдік майы, 3 тонна ұн мен жарма, 9 тонна балық, 29,8 тонна мал, құс еті, 4 тонна қымыз және ұлттық өнім түрлері, 700 литр алкогольсіз сусындар да бар. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Солтүстік Қазақстан облысының 110 үздік кәсіпорны елордалықтарға шамамен 733 тонна өнім жеткізген. Бұл – 33 тонна сүт өнімдері, 107 тоннадан астам ет және шұжық өнімдері және 10 тонна макарон өнімдері, 7 есе көп ұн және 500 тоннадан астам басқа да азық-түлік өнімдері. Солтүстікқазақстандықтар жәрмеңкеге картоп пен көкөністердің түр-түрін, тауық жұмыртқасын, бал мен ара шаруашылығы өнімдерін, балық, сондай-ақ жарма әкелді. Осы өңірге әйгілі «Северный бройлер» құс фабрикасы ЖШС-нің өнімдері елордалықтарға да ерекше ұнады. Оны ұзын-сонар кезекке тұрып, құс өнімдерін сатып алып жатқан жұртшылыққа қарап аңғардық.

– Осы жылдың басынан бері біз 908 тонна құс етін өндірдік. Өңірлік жәрмеңкеге 6,5 тонна ет пен 17 өнім түрі әкелінді. Бұл тауарларды астаналықтар жақсы сатып алып жатыр, келушілер қатары өте көп. Бұл іс-шараға жылда қатысамыз, алдағы жылдары да дәстүрді жалғастырамыз, – деді «Северный бройлер» құс фабрикасы ЖШС директоры Талғат Матаев.

Астанада өңірлік жәрмеңкелер жыл сайын өткізіліп келеді. Мұндай жәрмеңкелер өңірлердегі ауыл шаруашылығы өндірушілеріне өз

өнімдерін делдалсыз тікелей сатуға мүмкіндік береді. Жәрмеңкеге арналған ассортиментті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өз қалауымен таңдайды. Жыл сайын жәрмеңкеге қатысуға ниет білдірген шаруалар саны артып келеді.

Көкөніс, жеміс-жидектің пісетін уақытында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында ұйымдастырылған биылғы жәрмеңке қыркүйектің 2-сі күні басталғанды. Алғашқы болып өз өнімдерін алып келген Түркістан облысының 70-ке жуық ауыл шаруашылығы өндірушілері 556 тонна өнім әкелсе, келесі сенбі-жексенбіде Атырау мен Жамбыл облыстарының аграршылары елордалықтарға 300 тоннаға жуық өнімдерін ұсынды. Одан соң Батыс Қазақстан облысы мен Қызылорда облысының тауар өндірушілері келіп, елордалықтарға азық-түліктің кеңейтілген ассортиментін ұсынды. Алматы облысының тауар өндірушілері Қонаев қаласы мен облыстың 9 ауданының атынан қатысып, жалпы сомасы 205,7 млн теңгеге 186,4 тонна ауыл шаруашылығы өнімін әкелсе, Жетісу облысының Талдықорған және Текелі қалаларынан, сондай-ақ 8 ауданнан келген шаруалар 500 млн теңгеге 214 тоннадан астам тауар әкелді. Олардың айтуынша, өнімдер экологиялық таза ғана емес, сонымен қатар дәмі де ерекше. Өткен аптада Павлодар мен Абай облыстарының шаруалары жалпы көлемі 700 тоннаға жуық 40 түрлі өнім әкелсе, алдағы сенбі-жексенбі күндері елордалықтарға Қарағанды және Ұлытау өңірлері өз өнімдерін ұсынады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өңірлік жәрмеңкесі әр демалыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Тәуелсіздік даңғылы, 50 мекенжайындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің ғимараты алдындағы алаңда өтеді. Биылғы жәрмеңке 29 қазанға дейін жалғасады.

### ЕҢБЕК АДАМЫ

## НАН ПІСІРУШІ БАҒДАТ

2017 жылдан бастап БҰҰ 16 қазанды Дүниежүзілік нан күні ретінде белгілеп, молшылық пен береке нышаны саналатын нанды қадірлеуді насихаттап келеді. Біз атаулы күні «Хлебный край» ЖШС-іне барып, нан дайындау үдерісімен танысып қайттық. Нан пісіру саласында 23 жылдан бері еңбек ететін Бағдат Жұлқыбаеваны әңгімеге тарттық.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

– Адамның негізгі қорегі – нан. Ал нанды дайындау өте күрделі технологиялы процесстен тұрады. Нан пісіру үшін ұннан бөлек, ашытқы, тұз, қант, сүт, жұмыртқа секілді тағамдық және дәмді заттар қосылады. Қамыр илеу, оны ашыту, ашыған қамырды бөлшектеу, пісіру және тағы басқасын технологиялар бақылайды. Міне, менің міндетіме осындай жұмыстар кіреді, –

деп бастады әңгімесін еңбек адамы.

Инженер-технолог Бағдаттан нанның салмағы мен сапа стандарты туралы сұрадық. – Нан пісіру процесі өндіріс-технология зертханасынан басталады. Онда ұнның мөлшері мен сапасы тексеріледі. Нан өнімдерінің стандартқа сай болуы осыған байланысты, – деп жұмыс процесімен таныстырды ол.

Біз жұмыс үдерісін бақылап көрдік. Шынында, нан пісіру процесі өте күрделі әрі жауапкершілігі зор жұмыс екен.

Адам мен техниканың күші бірдей жұмсалатын өндірісті адам үнемі бақылауы керек. Онсыз болмайды. Себебі процесс кез келген уақытта тоқтап қалуы мүмкін. Мамандар шикі өнімнің салмағын өлшеп, ылғалын, қышқылды, көлемін тексеріп, арнайы қалыпқа салады. Қалыпта датчик орнатылады. Ол бөлшектелген қамыр саны мен соңында пісіп шыққан нан санын есептеп тұрады. – Тәулігіне үш ауысыммен 70 адам 30 мың дана нан пісіреді. Өнімдер қаладағы

сауда үйлеріне жіберіледі. Әр нанның стандарты әртүрлі болады. Мәселен, «Славский Калачтың» нормасы – 430 грамм, «Бородинскийдікі» – 350 грамм, «Заводскойдікі» – 500 грамм, «Домошныйдікі» 470 грамм болады, – деп жауап берді кейіпкеріміз.

Серіктестік басшысы Ольга Иващенконың сөзінше, қалалық әкімдікпен келісімге келіп, әлеуметтік нанды өндіреді. Мұндай жұмыстарда тәжірибелі маман Бағдат Жұлқыбаева жауапкершілік танытып, өнімді еңбек етеді.





Соңғы уақытта кинотеатрларда көрсетілген кинолардың тең жартысы тек той туралы, келін туралы немесе әзіл-оспақ айтылған сатиралық бағыттағы фильмдер екеніне ілгеріде сараптама жасап, сынаған болатынбыз. Арзан күлкі, қарт адамдарды, не болмаса әйелді оспақтаған одыраңдаған киноларымыздан халық шаршап кетті. Мемлекеттік телеарналар осыны түсінді ме, тарихи сериалдар түсіріп, көркем фильмдер жасауға кірісті. Бұл сөзімізге дәлел ретінде еліміздің кинотеатрларында аншлаппен өтіп жатқан «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін айтуға болады.

## КӨРЕРМЕНДІ ОЯТҚАН КИНО

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Сонымен, «Міржақып. Оян, қазақ!» сериалы, фильмі бізге не берді?

Біріншіден, жаһандануға жұтылып бара жатқан қазақ қоғамының тарихты білуге, ұлттық рухты көтеруге арналған ұмтылысын байқатты. Халықтың арзан күлкіден, сайқымазақ картиналардан шаршағанын осы фильмге баруға ынталы қалың көпшіліктен айқын аңғаруға болады. Тарихтың архивтерінде шаң басып жатқан деректер мен дәйектерді, кешегі ел тағдыры үшін жанын садаға етіп, ұлт үшін күрескен қайран боздақтар туралы шындықты фильм көрерменнің жүрегіне жеткізе білді, әр адамға ұлт рухын құйып, кешегі ақтаңдақтардан сабақ алуға шақырды. Сол заманда бодандықтағы тағдыры қыл үстінде тұрған ұлтымыздың болашағы үшін аянбай күрескен Алаш азаматтарының жанқиярлық өлшеусіз еңбегі, төккен тері неше түрлі эпизодтармен нанымды беріледі. Әрине, сапасы жағынан шедевр деуге болмас, бірақ ұлтқа ауадай керек тақырыпты қозғап, жігерін жаныған картина көпшілік көрерменнің жүрегіне жол тапты, үлкен жасына қарамай, жапа-тармағай халық қазақ киносын көруге ұмтылғанын өзіміз барып көзімізбен көргенде байқадық, сезіндік. Фильм қазақтың рухын көтерді, ана тіліміздің абыройын асқақтатты. Осы киноны көргеннен кейін өзге тілде шүлдірлейтін жастар, үлкендер жағы тек қана қазақ тілінде сөйлеп, тарихты таразылауға, кешегі қымқуыт заманда ұлтымыздың қаймағын сыпырып алып, тоталитарлық жүйе орнатқан саясаттың салқынына қарсылығын осылайша білдірді. Ділімізді, тілімізді, тарихы-

мызды тануға ұмтылғанын көрдік.

Екіншіден, соңғы бір ай ішінде отандық киноөндірістегі ең көп кассалық түсім жинаған фильм болды. Еліміздің барлық кинотеатрлардағы көрсетілімдер барлық жерде аншлаппен өтті. «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі – өткен жылы корпорацияның толықтай мемлекеттік тапсырыс негізінде түсірілген 6 сериялы телехикаядан дайындаған кинотуындысы.

Фильмде Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы өмірінің 1909-1935 жылдардағы кезеңі қамтылады. Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабының жарыққа шығуы, «Бақытсыз Жамал» романының жазылуы, революциядан кейінгі жылдардағы, ашаршылық кезі-



Жаһандануға жұтылып бара жатқан қазақ қоғамының тарихты білуге, ұлттық рухты көтеруге арналған ұмтылысын байқатты. Халықтың арзан күлкіден, сайқымазақ картиналардан шаршағанын осы фильмге баруға ынталы қалың көпшіліктен айқын аңғаруға болады. Тарихтың архивтерінде шаң басып жатқан деректер мен дәйектерді, кешегі ел тағдыры үшін жанын садаға етіп, ұлт үшін күрескен қайран боздақтар туралы шындықты фильм көрерменнің жүрегіне жеткізе білді

дегі қоғамдық-саяси қызметі, Қызылорда, Семей, Мәскеудің әйгілі «Бутырка» абақтысындағы жылдары және жан жары Ғайнижамалмен махаббат хикаясы шынайы баяндалған.

Келісімшартқа сәйкес, фильм 21 қыркүйектен бастап барлық қалалардағы үлкен экрандарда 15 күн бойы прокатта жүрді. Басында сеансы ересектерге 1500 теңгеден сатылған билеттер сұраныстың көптігінен соңғы күндері 2800 теңгеге дейін көтерілді. Ең көп көрермен, белсенді көрермен – студенттерге билет 1100 теңгеге сатылды. Астанадағы кинотеатрларда ине шаншар орын болмады. Ticketon-мен билеттер бір мезетте-ақ тез сатылып отырды. Тіпті, халықтан сұраныстың көптігі соншалықты, фильмнің прокат мерзімі 15 күннен кейін тағы 4 күнге, сосын тағы бір аптаға ұзартылды.

Алашты оятқан «Міржақып. Оян, қазақ!» фильміне біз де бардық. XX ғасырдың басында, 1909 жылы Қазан қаласында жарық көрген Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлең-кітабы қазақ қоғамын дүр сілкіндіріп, зиялыларға ұнап, патшалық Ресей өкіметінің шымбайына тиген дүние болды. Тіпті, сол кезде «Оян, қазақ!» кітабын Абайдың кітабымен бірге ұзатылған қыздың жасауына қосып беру дәстүрі пайда болған деседі. Қазақтың жүрегіне жол тапқан осы өлең, осы кітап ұлтымыздың алға ұмтылып, дамыған мемлекеттерге, өркениетке аңсарын көрсетті. «Қазақ» газетінің басы-қасында болған Міржақып елдің сөзін сөйлеп, өткір-өткір жүрегіне жол тапқан осы өлең, осы кітап ұлтымыздың алға ұмтылып, дамыған мемлекеттерге, өркениетке аңсарын көрсетті. «Қазақ» газетінің басы-қасында болған Міржақып елдің сөзін сөйлеп, өткір-өткір жүрегіне жол тапқан осы өлең, осы кітап ұлтымыздың алға ұмтылып, дамыған мемлекеттерге, өркениетке аңсарын көрсетті.

Үшіншіден, фильмде ойнаған әртістердің сәтті таңдап алынуы, әдемі көркем әдеби тілі көрерменге жақсы әсер етті. Қазақ киноларындағы шұбарланған, жаттанды тектерден әбден жалыққанымыз соншалықты, қазақтың кеудесіндегі ыңылы секілді жағымды әуезді марқұм әке-ше-



Соңғы бір ай ішінде отандық киноөндірістегі ең көп кассалық түсім жинаған фильм болды. Еліміздің барлық кинотеатрлардағы көрсетілімдер барлық жерде аншлаппен өтті. Тіпті, халықтан сұраныстың көптігі соншалықты, фильмнің прокат мерзімі 15 күннен кейін тағы 4 күнге, сосын тағы бір аптаға ұзартылды

шеміз тіріліп келіп, жылы сөйлегеніндей көңілімізді босатты...

«Қазақстан» Ұлттық телеарнасы түсірген фильмнің сценарисі – Ұларбек Нұрғалым болса, режиссері – Мұрат Есжан.

Міржақып роліндегі Бақыт Қажыбаевтың дегдар болмысы, білімді қарапайым қалпы, көзіндегі жарқыраған от талайлардың жүрегіне жетті, рухымызды жаныды, керемет әсер етті. Әкесі мен қызы Гүлнардың адам тебірен-терлік сәттері, қимай қоста-суы, аштықтағы адамдардың жанталасуы, тоталитарлық жүйеге қайран азаматтардың қарсылығы, аманатынан айрылған ананың көз жасы, болашақ үшін күрескен қайран боздақтардың тар абақтыға жабылып, өзін қинаса да рухын өлтіре алмауы, атылуы – бәрі-бәрі көрерменге қатты әсер етті. Екі сағат бойы бойын өксік қысып, көздерін жас жуған аналарды, қыздарды көрдім, әр эпизодтан ой түйіп, іштей шырғытып, булыққан ер-азаматты көрдім, фильмге халықтың ықыласын көрдім. Бұл актерлердің шынайы, кейіпкер болмысын жанымен сезініп ойнауында дер едік.

## ҚАЗАҚ ТРАГЕДИЯСЫ КӨРСЕТІЛДІ

«Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі кинотеатрларда үлкен қызығушылық тудырды. Көрермендердің сұрауымен кинопрокат бірнеше аптаға ұзартылды. Бұл – тарихи тұлғалар туралы кинотуындыларға халықтың сұранысы зор екенінің дәлелі. Ал аталмыш фильмдегі Ізбасар деген кейіпкердің өмірде нақты прототипі бар. Ол – тарих ғылымдарының докторы, профессор, міржақыптанушы Марат Әбсемет. Осы орайда белгілі ғалымды аз-кем әңгімеге тарттық.

– Марат Оралбайұлы, «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін көрген шығарсыз, алған әсеріңіз қандай?

– Бұл фильмді көріп отырып, бір жылап алдым. Жастайымнан міржақыптанудың басы-қасында жүрген соң ба, бүкіл өмірім көз алдымнан өтті. Міржақыптың қызы Гүлнар апай тірі болғанда фильмді көріп, бір марқайып қалар еді. Рухы шат болған болар. Мен өзім дән ризамын. Алғашқы міржақыптанушы айтпағанда менімен жеті сағат сойлесіп, біраз деректі «Алыстан Алаш десе аттанамын...» деген басылмаған көлемді қолжазба кітабымды алып кәдеге асырған еді.

кіріскен едік.

– Көркем туынды болған соң фильм авторлары тарапынан қоспа болатыны белгілі. Дегенмен, Міржақып тарихи тұлға болған соң, фильмдегі оқиғалар қанша пайыз өтірік, қанша пайыз шын деп ойлайсыз?

– Фильм авторлары Мұрат Есжан, Ұларбек Нұрғалым көркемдік шындық пен тарихи шындықтың үйлесімін нақты тауып документалды деректерге сүйеніп керемет фильм түсірді. Басқасын айтпағанда менімен жеті сағат сойлесіп, біраз деректі «Алыстан Алаш десе аттанамын...» деген басылмаған көлемді қолжазба кітабымды алып кәдеге асырған еді.



Суретте Марат Әбсемет Гүлнар Міржақыпқызымен. 1987 жыл.

цияны алғаш қорғау маған бұйырды.

– Міржақыптанушы ғалымсыз. Фильмдегі Ізбасар деген кейіпкердің прототипі сіз екенін білеміз. Оқиғалардың шынайылығы туралы не айтасыз?

– Фильмде ойдан ештеңе құрастырылмаған. Бәрі шынайы. Бар нәрсені көрсеткен. Сол үшін де керемет әсер етті. Гүлнар Міржақыпқызының асуында үлкен үстел бар еді. Сол үстел басында кезінде Әлихан, Ахмет секілді Алаш зиялылары бас қосып, сұхбаттасқан екен. Біз де сонда отырып, Алаш зиялыларын ақтауға хат жазған едік. Горбачевқа хат жазып, ұлт зиялыларын ақтаймыз деп шешім қабылдадық. Алаш ардақтыларының ұрпақтары Шолпан Ахметқызы, Гүлнар Міржақыпқызы, Райымжан Бөкейхан, Муза Жүсіпбекқызы бар, басқалар да жиналып хат жаздық. Бұл кісілер айтты, мен жазып отырдым. Солай біз ақталмаған тұлғаларды ақтауға

Монографиядағы Ағыбай қылышына байланысты дерек фильмнің үлкен оқиғасына айналып жүре берді. Бастысы, халық дән риза. Жыламаған көрермен жоқтың қасы. Шынайы. Міржақып арқылы авторлар қазақ трагедиясын көрсеткен соң, фильм халықтың жүрегіне жол тапты деп айтуға болады.

– «Абай жолы», «Ұлт ұстазы» сынды ұлы Абай, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы, Басқа да тарихи тұлғалар туралы түсірілген телехикаялар туралы пікіріңіз қандай?

– Тек комедияларға жол бере бермей, тарихи тұлғалар туралы көп фильм түсірілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Ұлт зиялыларын елге дәріптеп, зерттеп жатқанына қуаныштымын. Жалпы қазақ киносының болашағы зор деп ойлаймын.

Әңгімелескен Аманғали ҚАЛЖАНОВ





## СЕНБЕЙ ТҰРСА ДА АЛДАНАДЫ

Аты жер жаратын жалған жарнаманың кесірінен көптеген отандасымыз қаржылық пирамиданың құрбанына айналып жатыр. Нәтижесінде олар бар қаражатынан айрылды. Өкініштісі, тілімен өрт сөндіріп, сөзімен халықты сендіріп кететін алаяқтар саны күн санап көбейіп келе жатыр. Қоғам дертіне айналған интернет-алаяқтықтың қақпанынан қалай сақтанамыз?

Ішкі істер министрлігі бірінші кезекте тегін ірімшіктің қақпанда ғана болатынын айтудан жалықпайды. Мұндайда қалай әрекет ету керек? Нені білген жөн? Алаяқтардың құрбандары оңай жолмен табысын көбейтіп алғысы келеді де сонынан алдынан пайдаланып жатпайды. Тақырға апаратын тұзаққа түспеудің жолы қандай? Алаяқтар әлеуметтік желіде таратқан «Бұл – мол пайда әкелетін бизнес. Тіпті жоғары кіріске кепілдік береміз. Нәтижесінде 1 ай ішінде миллионер атанасыз» деген сарындағы жалған жарнаманың кесірінен көптеген отандасымыз қаржылық пирамиданың құрбанына айналды. Қаржы пирамидасының бірнеше белгілері бар. Атап айтсақ, біріншіден, бірнеше есе жоғары табысқа кепілдік береді. Екіншіден, ұйымға тартқан әрбір клиент үшін сыйақы уәде етеді. Үшіншіден, компанияға мүше болу үшін міндетті түрде жарна талап етеді және компанияның өз қаражаты, қымбат активтері болмайды. Төртіншіден, әлеуметтік желілерде жатпай-тұрмай жарна науқанын жүргізеді. Бесіншіден, келісімшартқа ойланбай қол қоюға үндейді. Алтыншыдан, компанияның нақты немен айналысатынын айтудан барынша жалтарады.

Ішкі істер министрлік өкілдері: «Егер сізді мол табысқа кенелесіз. Пайдаға белшеден батасыз» деп беймәлім компанияға инвестиция құюға шақырса, алдымен ұйымның қаржылық пирамидаға бар жоғын анықтау қажет екенін айтады. Ол үшін алдымен, Kgd.gov.kz сайтына кіріңіз. Салық төлеушілерді таңдап, компанияның ЖСН немесе БСН нөмірін енгізіңіз. Іздеу батырмасын басыңыз. Егер салық төлеушілердің арасынан сіз іздеген компания табылмаса немесе аталған компания өкілдері сізге ЖСН немесе БСН анықтамасын ұсынудан бас тартса, ондай компаниямен

байланысты дереу үзіңіз. Қаржы пирамидасына тап болғаныңызды сезсеңіз, бірден полицияға, 102 нөміріне, қаржылық мониторинг агенттігіне хабар бергеніңіз жөн» деп ескертеді. Алаяқтардың құрбанына айналмау үшін қазіргі кезде Астана қалалық Полиция департаменті тарапынан да көптеген шара атқарылып жатыр. «Біріншіден, «Instagram әлеуметтік желілерінде қаржылық (инвестициялық) пирамида құру фактілерінің алдын алу, жолын кесу және анықтау мақсатында түрлі сипаттағы бейнероликтер орналастыра отырып, халыққа хабарланады. Екіншіден, әлеуметтік желідегі чаттарда (WhatsApp) күн сайын алаяқтық пен қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың әртүрлі тәсілдерін орналастыру арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Үшіншіден, Астана қаласы Полиция департаменті өкілдері республикалық телеарналарға сұхбат берді. Онда халыққа қаржылық (инвестициялық) пирамидалар туралы тәуекелдер мен оның зардаптары түсіндірілді» деді Астана қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Гүлмира Шпрахметова.

Бүгінгі таңда қаржы пирамидаларының қызметіне тыйым салу 30-дан астам елде қарастырылған. Олардың қатарында Австрия, Ұлыбритания, Франция, Канада, Италия, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері бар.

«Елімізде қаржы пирамидасын құрғаны және (немесе) оның қызметіне басшылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік (Қылмыстық кодекстің 217-бабына сәйкес); қаржылық (инвестициялық) пирамида қызметінің жарнамасын шығарғаны, таратқаны және орналастырғаны үшін әкімшілік жауапкершілік («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 150-бабына сәйкес) көзделген» деді ресми өкіл.

Бір ерекше атап өтерлігі,

қаржы пирамидасы қатарына қосылу көбінесе азаматтардың өз еркімен және құқықтық сүйемелдеусіз жүргізіледі. Соның салдарынан ешкім салынған қаржының кері қайтарылуына кепілдеме бермейді.

Интернет-алаяқтарға алданбау үшін нені есте сақтау керек? Бұл сауалға Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Шұғыла Тұрлыбек жауап берді.

«Біріншіден, тек қана тексерілген жарнама сайттарын пайдалану. Кез келген тауарды қолға алғаннан және міндетті түрде көз жеткізгеннен кейін төлем жасауыңыз керек. Сатушының әртүрлі нұсқауларына көңбеңіз. Егер сатушы басқа қалада болса, сол қалада тұратын туыстарыңыз, таныстарыңызды тауарды тексеруге немесе сатып алып сізге жіберуін сұраңыз. Екіншіден, бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде, жалпы қаламтор желісінде ұлттық компаниялардың атынан инвестиция салымдары, (ломбард, ставкалар) туралы хабарландырулар таралады. Оларды пайдалануға яғни, инвестициялық салымдар туралы шешім қабылдамас бұрын, интернетте орналасқан компаниялардың ресми нақты өкілдеріне хабарласқан дұрыс. Осы орайда Қазақстанда биржа саласында лицензиясы бар брокерлер мен дилерлер арқылы ғана сауда жасау қажет екенін атап өткен жөн» деді ол.

Ал брокерлер және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың лицензияларының бар-жоғын ресми GOV.KZ сайты арқылы тексеруге болады. «Үшіншіден, банк және полиция қызметкерлері басқа да мемлекеттік қызметшілер ешқашан сіздің банк шоттары туралы арнайы операцияларды телефон арқылы өткізбейді. Тағы да алаяқтар азаматтардың балалары, туыстары, немерелері полицияға немесе жол апатына түсіп кінәлі ретінде сотталуы мүмкін. Бірақ сіз тез арада ақша аударсаңыз сұрақ жабылады деп алдайды» деді спикер.

Сондай-ақ Шұғыла Тұрлыбек қазақстандықтардың алаяқтарға алдану себептерін атады.

«Біздің азаматтардың алаяқтарға алдануына бірнеше себеп бар. Көбінесе кез келген тауардың, автокөліктің, сайман, жалға берілетін пәтердің бағаларының арзандығы үлкен қызығушылық тудырады. Осындай жарнамаға қазақстандықтардың 90%-ы сенбей тұрса да, алдын ала ақша аударым жасайды» дейді ол.

Сабина КӘКІМЖАН

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІМІЗ ҚАНДАЙ?

Жыл сайын ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі еліміздің барлық қалалары мен облыстарын қамти отырып, қаржылық сауаттылық деңгейіне әлеуметтік зерттеу жүргізеді. Соның қорытындысында былтыр елімізде халықтың қаржылық сауаттылық индексі 40,2% деңгейінде бағаланды.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Аталған агенттіктің бас маманы Мұхамед Бағдатұлының айтуынша, ең жоғарғы көрсеткіш «Қаржы жүйесі туралы хабардар болу» бойынша тіркелді. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 5,5 пайызға ұлғайған. Ал «Қаржылық қызметтерді пайдалана алу» көрсеткіші бойынша деңгей бұрынғы қалпында қалған. Талдау нәтижесі Қазақстанда қаржылық сауаттылық деңгейі 2020 жылға қарағанда өсіп жатқанын көрсеткен, яғни адамдар шоттарды төлеуде жауапты, қаржылық жоспарлау мен бюджетті жүргізуге, ай сайынғы міндетті шығындарды төлегеннен кейін ақша жинауға мұқият бола бастаған.

– Соның ішінде Астана қаласы респонденттерінің арасында жүргізілген сауалнамада 32% қатысушының белгілі бір жинаған қаражаты бар болса, 10%-ы ақша жинамайтын болып шықты. Ал 31,1% респондент несиені, 29,1%-ы жеке жинақтарын пайдаланады. Сонымен қатар астаналықтардың 42%-ы банктердің депозиттері туралы біледі, 54%-ы ерікті зейнетақы жинақтарынан хабардар, 44,7%-ы келісімшарттың әрбір тармағымен толық танысқаннан кейін ғана несие шарттарына қол қояды. Тағы бір айта кетерлігі, отбасының жалпы бюджетін ер адамдарға қарағанда әйелдер көбірек басқарады. Қаржылық қызметтерді таңдау кезінде респонденттер түрлі қаржы ұйымдарында бірнеше нұсқаны қарастыратынын көрсетті. Неғұрлым жас болған сайын, соғұрлым олардың ең қолайлы нұсқаларды іздеуде қызметтер нарығын өз бетінше зерделетіні байқалды, – дейді бас маман.

Елімізде халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін 2020 жылғы мамырда Үкіметтің қаулысымен Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада коммуникация арналары, оның

ішінде цифрлық арналар арқылы тұтынушылардың қаржы өнімдері туралы хабардар болуын арттыру және халықтың нысаналы топтарының қаржылық білімін көбейту деген негізгі бағыттар бар.

– Болашақта пайдалы қаржылық әдеттерді қалыптастырудың превентивтік шарасы ретінде балалар мен жастарға қаржылық тәрбие беруге ерекше назар аударылады. Ол үшін осы санатқа таныс онлайн форматта және жас ерекшеліктерін ескере отырып арнайы бағдарламалар шығарылды. Бастауыш және орта сынып оқушылары үшін біз YouTube және Aitube платформаларында орналастырылатын «FinIQ Kids» мультипликациялық бағдарламалар сериясын, «Дружные ребята», «Ұлан» және «Ойла» республикалық балалар басылымдарында танымдық және жеңіл мақалалар түрінде бірқатар бағдарламалар әзірледік, – дейді Мұхамед Бағдатұлы.

Халықтың нысаналы топтарының қаржылық білімін арттыру үшін оқушыларға, студенттерге және ересек адамдарға қаржылық сауаттылық бойынша оқыту іс-шараларын өткізудің бірыңғай жоспары әзірленген. Еліміздің жетекші ЖОО студенттері үшін «Қаржылық сауаттылық негіздері», «Кредиттік жауапкершілік», «Қауіпсіз төлемдер мен аударымдар», «Банк карталарымен жасалатын алаяқтық» және басқа да тақырыптар бойынша оқыту іс-шаралары өткізіледі.

– Қаржылық сауаттылық ең алдымен, өз ақшаңызды сауатты пайдалана білу. Бұл қасиет азаматтардың әл-ауқатын және өмір сүру деңгейін жақсартуға әкеледі, тұтынушыларға арналған ақпаратқа қолжетімділікті арттырады, сондай-ақ халықтың қаржылық қызметтерді көбірек қамтуын және оларға қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Қазіргі қаржылық қызметтердің қарқынды дамуы, түрлі өнімдердің онлайн-форматқа айналуы және жаңа цифрлық технологиялар, күрделі әрі тәуекелді қаржы құралдарына деген сұраныстың артуы жағдайында халықтың қаржылық сауаттылығы мәселесі оның өзектілігін

арттыруды талап етеді, – дейді ол.

Қаржылық сауаттылық дегеніміз – қаржылық қызметтерді және құралдарын пайдалана білу, меншікті қаржы құралдарын басқару дағдылары, халықтың қаржы жүйесі, оның жұмыс істеу қағидаттары, сондай-ақ қаржылық қызметтер саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы хабардар болу деңгейі.

**Fingramota.kz-тен бірнеше пайдалы ұсыным:**

- Аса мұқтаждық болып жатпаса, тұтынушылық несиелерді алмаңыз. Бұл шынымен қажет заттар болса ғана тәуекелге бел бууға болады. (Мысалы, балаларды қашықтықтан оқытуға арналған компьютер, машинаға арналған қысқа шиналар және т.б.). Басқа жағдайларда жеке бюджетке қосымша жүктемеден бас тартқан дұрыс.

- Қаржылық қызметті таңдау кезінде нарықты мұқият зерттеп, мониторинг жасаңыз, өзіңіз үшін ең тиімді талаптарды іздеңіз.

- Резерв жасаңыз. Бюджетті жүргізу, кірістер мен шығыстарды есепке алу, жинақтау сізге ұқыпты болуға, банктердің немесе басқа қарыз берушілердің көмегіне жүгінебеуіне септігін тигізеді.

- Қаржыңызды күмәнді ұйымдарға сеніп тапсырмаңыз, қаржы алаяқтары мен қаржы пирамидаларының тұзағына түсіп қалуыңыз мүмкін.

- Инвестициялауды үйреніңіз. Ақшаны үнемдеңіз, қаражатты көбейте білуіңіз керек. Шын мәнінде қаржылық тұрғыдан тәуелсіз адам болу үшін инвестициялау өнерін үйрену қажет. Әртараптаңдыру бұл мәселеде де маңызды, қарапайым сөзбен айтқанда, «жұмыртқаның бәрін бір себетте» сақтамаңыз. «Теңге тиыннан құралады» деп бекер айтылмаған. Ақша сізге қызмет етуі керек.

- Агенттіктің [www.gov.kz](http://www.gov.kz) ресми сайтында және [www.fingramota.kz](http://www.fingramota.kz) халықтың қаржылық сауаттылығы жөніндегі мамандандырылған оқыту медиа порталында, сондай-ақ «Fingramota Online» мобильді қосымша лентасында қаржылық сауаттылық тақырыбындағы соңғы жаңалықтарды оқи аласыз.





## ҒАСЫР ЖАСАҒАН МАЙДАНҒЕР

Қариясын сыйлаған елде қасиет бар. Қазақ халқының атадан балаға аманат болып саналатын қасиеттерінің бірі үлкенге – құрмет, кішіге – ізет таныту.

Халықаралық қарттар күніне орай елордамыздың Байқоңыр ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде қаладағы ардагерлер, оқу орындары студенттері мен зиялы қауым өкілдері бас қосқан үлкен мәдени шарада ғасырмен құрдас, майдангер Рзағұл Бәйкешев атаға үлкен құрмет көрсетілді.

Осындай игі шаралар жиі ұйымдастырылып, ардагерлеріміз төрден көрінсе, оларға көрсетілер құрметтің бірі болары анық. Аузы дуалы, аталы сөз айтатын баталы қарияларды, өз қадірін білетін, көреген, адал азаматтарды ерекше қадір тұтқан елміз. Қарттықты қадірлеу, үлкенді сыйлау – қазақ халқының ежелгі дәуірлерден қалыптасқан қазыналы дәстүрлерінің бірі ғана емес, сол игі дәстүрлердің ең озығы, өскелең ұрпақпен жалғасқан рухани қазынасы екендігі бүгін айтылған сөз емес, ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан асыл мұра.

Дауыл тұрса, ұрпаққа ық болатындай арқасын тосып, ызғар соқса пана болатын абзал ардагерлердің қатарында елорда тұрғыны – Рзағұл Бәйкешев үлгі. Қарияның майданнан оралғаннан кейінгі еңбек жолы да, ұрпақ тәрбиесіндегі өнегелі ісі де – ұрпаққа өнеге.

Рзағұл қария майданда ерлік көрсетіп, бейбіт өмірде күш-қуатын еліміздің дамуына арнады. Қария саналы ғұмырын қоғамның іргетасын қалап,



тәуелсіздігімізді баянды ету жолында тер төкті. Сондықтан оларға құрмет көрсету – бізге міндет. Оқ пен отта сыналған майдангер Рзағұл қарияға астана қаласы Ардагерлер кеңесі ұжымының құрметі жоғары.

Бүгінгі күні ұрпағының төрінде ғасырмен құрдас ғұмыр кешкен, әлі де сөзі түзу, айтары мол, берер батасы ғибратқа толы ақсақал ата Рзағұл қария жүз жасқа толып отыр. 1923 жылдың қазан айының он сегізін күні дүниесінен ашқан бала Рзағұл он жасында ғана мектеп табалдырығын аттады. Қай кезде де қазақ халқымыздың басына түскен қиын қыстау уақыт аз болмағаны анық. Қариямыздың өмір жолы сонау 1939 жылы



Қазіргі күні мемлекет саны күн санап қатары азайып бара жатқан ардагерлерді ардақтап, назардан бір сәт қалдырған емес. Ол 1 және 2-дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен және «Маршал Жуков» медалімен марапатталған

ұш сыныптық ғана білім алып, ауыр еңбекте белі майысқан бала Рзағұлдың балалық шағы бақытқа толы болды деу артық. Одан әрі 1943 жылы майданға аттанады. Майданда Польшаны азат етуге қатысып, Румыния мен Венгрия жерін фашистерден құтқаруға белсенді қатысады. Соғыста бірнеше рет жарақат алған ол елге оралған соң Ақмола облысының Рождественка елді мекенінде эскепитор қызметін атқарады. Құрметті демалысқа шыққан соң ұрпағының арасында тәрбие жұмысын бір кісідей атқарып, әкелік тәлім беріп, қазір қызығын көріп, немерелерінің ардақты атасы болып отыр.

Қазіргі күні мемлекет саны күн санап қатары азайып бара жатқан ардагерлерді ардақтап, назардан бір сәт қалдырған емес. Ол 1 және 2-дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен және «Маршал Жуков» медалімен марапатталған.

Міне, оқырман қауым Рзағұл ағамыздың ғибратты өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа да баршамызға өнеге. Өзіне көрсетілген құрметке ризашылық танытып, кеш соңында ақсақал ақ батасын берді.

Астана қаласы Ардагерлер кеңесі және оқырман қауымының атынан қадірлі майдангеріміз Жеңістің сексен жылдығына жетіп, әлі де арамызда жүре берсін деген ізгі тілегіміз бар.

**Маржан ПІРІМБЕТОВА,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

## «АРҚА ӘУЕНДЕРІ» – АРДАГЕРЛЕР АНСАМБЛІ

Астана қаласының оқушылар сарайында Алматы аудандық Ардагерлер кеңесі ұйымы жанынан құрылған «Арқа әуендері» халықтық ансамблінің салтанатты концерті өтті.



Ансамбльдің 10 жылдығына және Республика күніне арналған концерт «Астанамениң» әнімен ашылды. Ансамбль мүшелері орындаған халық әндері «Ай, Қаракөз», «Дедім-ау», «Мерекем сен», «Шалқыма», әуесқой композитор, күйші Б.Төлегеновтің «Салтанат» күйі, әртүрлі халық әндерінен көрсетілген попури әндер көрермен көңілінен шығып, жақсы бір көңіл-күй сыйлады.

Ансамбль мүшелері зейнеткерлер болса да, олардың өнерлері көпшілікті тәнті етті.

Ансамбльдің жетекшісі Кенжетай Жанұзақова – «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерпаз жан. Қайда жүрсе де өнерін тастаған емес, ән де айтады, домбырада да ойнайды. Кезінде қалада әйелдердің шахмат үйірмесін ашқан да еді. Биыл шахматтан өткен қалалық чемпионатта «Чемпион әже»

атанып, Өскеменде өткен республикалық жарысқа қатысып келді. Осы концерт барысында Кенжетай Ерғалиқызы Жанұзақова Республикалық Ардагерлер бірлестігінің «Құрмет белгісі» төс белгісімен, қалалық Ардагерлер кеңесінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Алматы ауданы әкімдігі атынан да ансамбль мүшелеріне алғыс жарияланып, сыйлықтар табыс етілді.

Сонымен қатар Астана қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесі директорының орынбасары Эльвира Шамшикенова ансамбльдің белсенді мүшелеріне алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсырып, өнерді өмірлеріне серік етіп келе жатқан зейнеткерлерді қуантты.

**Баянды ӘЛПИ,**  
Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» 2023 жылғы 4 желтоқсан күні сағат 11.00-де Қабанбай батыр даңғылы, 33, Астана қаласы Нұра ауданы әкімдігінің ғимараты, сондай-ақ Zoom платформасында бейнеконференция жолымен онлайн режимінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (БЭП) <https://ecportal.kz> ұсынылады.

Тыңдаулар «Ш.Айтматов көшесінен Қорғалжын тас жолына дейінгі учаскеде Қ.Мұхамедханов көшесінің құрылысы. Қ.Мұхамедханов көшесінен Е371 көшесіне дейінгі учаскеде Е182 көшесінің құрылысы» жұмыс жобасына әсер ету үшін экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша өткізіледі.

Жобаға тапсырыс беруші: «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, Астана қ, Бейбітшілік к, 11, БСН 151140001473, Абжанова А., тел.8702 263 5649.

«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін зейілеуші: «Жумабеков А.Т.» ЖК, Астана қ., Қошқарбаев д., 11 ұ., пәтер 2, тел.: +7 7011212588.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында және «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты Тапсырыс берушінің мекенжайы бойынша алуға болады: Астана қ., Бейбітшілік к., 11.

Ескертулер мен ұсыныстар порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады <https://ecportal.kz>.

Астана қаласының мәслихаты белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлық иегері, мәдениет және қоғам қайраткері, көрнекті ақын қазақ халқының әдебиетіне өшпес із қалдырған «Парасат» орденінің иегері Несіпбек Айтұлының дүние салуына байланысты туған-туыс, бауырларына, жақындарына қайғырып, көңіл айтамыз.

Несіпбек Айтұлының ғибратты өмір жолының қадірлі белесіне зиялы болмысымен, танымал тұлғасымен, қайраткерлік қырымен жетіп, еліміздің руханият саласына қызмет атқарады.

Абыз ақсақал әдебиет саласын дамытуға өлшеусіз еңбек сіңіріп, ұлттық поэзияның өркендеуіне үлес қосқан дарынды ақын, қарымды қаламгер ретінде кейінгі буын әріптестеріне әрқашан өрелі өнеге, танымды үлгі деп білемін.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Өмірде адал еңбек етіп, өшпес із қалдырған Несіпбек Айтұлының есімі мен бейнесі мәңгі ұмытылмайды.

Марқұмның иманы өзіне жолдас болып, нұры пейіште шалқысын.



## БОСТАНДЫҚ ЖЫРЫНЫҢ БОЗТОРҒАЙЫ ЕДІ

Қазақ әдебиеті ауыр қазаға ұшырады. 74 жасқа қараған шағында көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлы дүниеден озды.

Бостандық жырының бозторғайы атанған ақын өзі жырлағандай, Барқытбелдің бауырында туып, қасиетті Семей топырағында ержетті. Балауса жырлары Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде басылды. Еңбек жолы да осы басылымнан басталды. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің студенті кезінде өлеңдері сол уақыттағы айтулы ақындардың назарына ілікті. 1972 жылы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың алғысөзімен алғашқы топтамасы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде жарық көрді.

Несіпбек Айтұлы университетті аяқтағаннан кейін «Балдырған» журналына қабылданып, поэзия бөлімінің меңгерушісі болды. Жалпы ақынның шығармашылығында балалар тақырыбы ерекше орын алады.

«Жалын» баспасында редактор, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып қызмет істеді. «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі болды.

Алғашқы кітабы 1974 жылы «Қозыкөш» атауымен жарық көрді. Өлеңдері тілінің бейнелілігімен, қазақы бояуының қанықтығымен ерекшеленді.

Несіпбек Айтұлы – құлашы кең эпик ақын. Ел тарихын, тарихи тұлғалар ерлігі мен еңбегін көп жырлады. Оның қаламынан «Бөгенбай», «Бердіқожа», «Шақантай», «Қараөткел қырғыны» поэмалары, кейінгі жылдары ұлт қаһарманы Жұмабек Тәшенев рухына арналған «Жер – жаннан қымбат», «Ахмет», «Қаныш», «Мағжанның жұмбақ құсы», «Амангелді», т.б. дастандар туды. «Бас сүйектері», «Жасынның сынығы», «Найзағай», «Жүрек

Тәу етер тәуелсіздігімізді, елорданы көп жырлаған, «Бәйтерек» поэмасы әдеби қауым тарапынан жоғары бағасын алған Несіпбек Тұрысбекұлы Астананың дамуына, әдеби-рухани, мәдени кемелденуіне үлкен үлес қосты. Жаңа ғасыр басында елордаға көшіп келіп, Л.Гумилев атындағы Еуразия Президенттік Мәдениет орталығында еңбек етті. Жазушылар одағының Астана қалалық филиалын, Сәкен Сейфуллин музейін басқарды.

Астана қаласының әкімдігі Несіпбек Айтұлының отбасы, туған-туысқандары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Асыл азаматтың жарқын бейнесі, еселі еңбегі ел жадында мәңгілік сақталады.

«Elorda Aqparat» медиасеріктестігі және «Астана ақшамы» газеті редакциясының ұжымы көрнекті ақын Несіпбек Айтұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## АЛАШ АМАНАТЫ – ҰРПАҚ ҮНІМЕН



Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейде «Алаш мұрасы – ұрпаққа аманат» атауымен оқушылар арасында қалалық зияткерлік-шығармашылық сайысы өтті. Іс-шараны Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен «Қарашақырақ» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының 165, Халел Досмұхамедұлының 140, Мағжан Жұмабайұлының 130 және Сұлтанмахмұт Торайғырұлының 130 жылдықтарына арналған сайыстың мақсаты – қазақ елінің азаттығы мен еркіндігі жолында күрескен, ұлтын шексіз сүйіп, мол мұра қалдырған Алаш қайраткерлерінің ағартушылық бағыттағы мұрасын өскелең ұрпаққа насихаттау, жас ұрпақты отансүйгіштікке, ана тілін, ұлт құндылықтарын тәрбиелеу.

Елорданың 18 мектебі қатысқан сайыста «Ұлтқа қызмет – әр қазақ баласына міндет» атты сахналық қойылым көр-

сетілді. «Алаш арыстарына хат» деп аталатын екінші кезеңде монолог оқылды. Оқушылар жоғарыда аттары аталған биылғы мерейтой иелеріне арналған хаттарында тәуелсіз елдің бүгінгі ұрпағы ретінде болашаққа қатысты өз ұстанымы мен ұсынысын жеткізуге тырысты.

Сайыс қорытындысында Ә.Бөкейхан атындағы №76 мектеп-гимназия топ жарып, бас жүлдені қанжығасына байлады. Бірінші орынды Ы.Алтынсарин атындағы Бином мектеп-лицейі, екінші орынды А.Байтұрсынұлы атындағы Бином мектеп-лицейі мен І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия, үшінші

орынды №38 мектеп-лицей, №2 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей және №8 мектеп-лицей өзара бөлісті. Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия «Көрермен көзайымы» сыйлығын иеленді.

Қазылар алқасының төрағасы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Қайырбек Кемеңгер оқушыларға алғысын жеткізіп, бұл шараның еліміздің маңызды мерекесі – Республика күні қарсаңында өтуінде символикалық мән бар екенін айтып өтті.



## СИМФОНИЯ ДЕГЕН БІР СИҚЫР

«Астана Операда» бас дирижер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Алан Бөрібаев пен 25 жастағы әлем мойындаған ғажайып пианист, Ұлыбританияның Лидс қаласында өткен танымал халықаралық пианистер байқауының жеңімпазы Әлім Бейсембаев театрдың симфониялық оркестрімен бірге өнер көрсетті.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

Талғамы биік тыңдарманның назарына классикалық музыканың інжу-маржандары – Фредерик Шопеннің бірінші фортепиано концерті мен Людвиг ван Бетховеннің бесінші симфониясы ұсынылды.

Ал мықты пианист Әлім Бейсембаевтың қоржынында Лидсте өткен байқаудың бірінші сыйлығы бар. Тарихымызда тұңғыш рет қазақстандық пианист осындай беделді байқауда бірінші сыйлықты алғаны – біз үшін үлкен мәртебе, абырой. Классикалық музыканың мерейі. Әлемге танымал мықты пианист Әлім Бейсембаев қазіргі таңда Ұлыбританияда тұрады. Оның есімі түрлі музыкалық додалардағы жеңімпаздардың тізімінде жиі аталады. Ол – Веймарда өткен Лист атындағы халықаралық жасөспірімдер

байқауының және Манчестерде өткен Халықаралық пианистер байқауының лауреаты, сондай-ақ В.Клиберн атындағы I халықаралық жас пианистер байқауының жеңімпазы. Оның көптеген жетістіктерінің қатарында Jacques Samuel Intercollegiate Competition музыкалық байқауындағы топ-жарған жеңісі бар. Осы жеңісі оған Лондондағы Уигмор-холлда алғаш рет концерт өткізуге мүмкіндік берді. Жуырда Әлім Испанияның Виго қаласында Марта Аргерих бастаған белгілі өнер иелерінің қазылық етуімен өткен халықаралық байқауда лауреат атанды. Бұл концертте Әлім Бейсембаев маэстро Алан Бөрібаевпен бірге алғаш рет өнер көрсетті. 5 жасынан бастап кәсіби музыкамен айналысқан пианист қазір Лондондағы Корольдік академиясында сабақ береді.

Театрдың симфониялық оркестрі кеште Людвиг ван Бетховеннің классикалық музыканың

ең танымал туындыларының бірі – №5 симфониясын орында, пианист Әлім Бейсембаев Ф.Шопеннің музыкасын ұсынды.

Музыкасүйер тыңдарман Шопенді оның техникалық шеберлік пен поэтикалық мәнерлікті үйлестіріп, фортепиано арқылы терең эмоцияларды жеткізе білетін қабілеті үшін жақсы көреді. Себебі Шопен поляк халық музыкасы мен мәдениетінің элементтерін қосып, өз Отанына жүрегімен берілген музыкант ретінде патриоттық сезімін айрықша көрсетеді. Бұл концертте музыка тарихындағы талғамы жоғары, ең үздік туындылар шырқалды.

Классикалық музыка көрермендері үшін концерттің әсері ерекше болды. Әлем сахналарындағы атақты шығармалардың қазақ өнер ордасында орындалуы – өркениетке ұмтылған ұлтымыздың арманын айшықтай түсті.



## САРАЙШЫҚТАН СӘЛЕМ САЗ

Бүгін «Жастар» сарайында «Сарайшықтан сәлем саз» бағдарламасы аясында Дина Нұрпейісова атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің концерті өтеді. Атыраулық өнер ұжымының елордаға гастрольдік сапары «Күй анасы» республикалық қорының ұйымдастыруымен күйші Динаның ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды.



Аталған қор жетекшісі, күй анасының шөбересі Төлеген Куанышев өнерпаздарға қош келдің айтып, күйшінің өмір тарихы мен шығармалары жинақталған кітапты сыйлады. Белгілі күйші-ұстаз, Қазақстанның мәдениет қайраткері Айтжан Тоқтаған батасын беріп, оркестр әртістері Дина Нұрпейісованың күйлерін орындап, ұжым мүшелері «Күйшілер» аллеясына шырша отырғызды.

Дина Нұрпейісова атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі жанынан «Сармад» этно-фольклорлық ансамблі құрылған. Аталмыш өнер ұжымының «Алаш аманаты» атты концерттік бағдарламасын ертең «Жастар» сарайынан тамашалауға болады.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №123

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ